

МОЙЫНҚҰМ

ТАҢЫ



МОЙЫНҚҰМ
АУДАНДЫҚ
ГАЗЕТИ



№37
(7216)
жұма
22 мамыр
2026 жыл

ГАЗЕТ 1965 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН БАСТАП ШЫҒАДЫ

moyynqum.kz

moinqum_tani@mail.ru

АУДАН ӘКІМДІГІНДЕ

БАСШЫ ӨЗ ІСІНЕ ӘРҚАШАН ЖАУАПТЫ БОЛУЫ ТИІС



Аудан әкімі Ермек Карентаевтың төрағалығымен өткен аппараттық кеңес отырысында 7 өзекті мәселе қаралып, жұмыстар сараланды. Кеңес жұмысына аудандық мәслихаттың төрағасы Нұртас Саурықов қатысып отырды.

Әуелі аудан әкімдігі экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің басшысы Еркін Кеншімов ауданға қатысты 61 индикатордың 7-і орындалмағанын айтып, көрсеткішті артақ тартқандарды атап өтті. Бұл ретте аудан әкімі біраз жауаптыларды орынынан тұрғызып, жұмысты ширатуды тапсырды. Аудандық

мемлекеттік кірістер басқармасының жауапты өкілі Гүлнар Ақбердіқызы жеке көлік құралдарының төленбеген салығы туралы айтып өтті. Бұл ретте көптеген ауылдық округтерде жекелеген азаматтардың көлік салығын төлеуіне жағдайы тіркелген.

Аудандық ветеринария стансасының директоры Болатбек Серікбаев Конга-Қырым геморрагиялық қызбасына қатысты жұмыстар аса күрделі екеніне, осы күнге дейін 56 мың ірі қара, 121 мың қой-ешкі, 13 мың жылқы, 775 түйеге екпе жұмыстары жүргізілгеніне тоқталды. Осы орайда, қосымша жұмыс күші қамтылып отыр. Алдағы уақытта да бұл бағытта жұмыс күшейе түседі.

Аудандық медиа орталығының басшысы Айдос Қосыбай ауылдық округтер мен аудан әкімдігіне қарасты бөлімдердің әлеуметтік желі, сайттармен жұмыс жүргізу барысына талдау жасап, Мойынқұм, Мыңарал, Жамбыл, Қызылтал ауылдық округтерінің және мәдениет, спорт саласының белсенді жұмыстарын атап өтіп, алдағы уақытта сайтпен жұмыс та негізгі индикатордың бірі болуы мүмкін екенін ескерті. Соңғы екі жылдан бері жұмысы мүлдем жүрмей тұрған ауылдық округтерді атап өтті.

Мұнан соң күн тәртібіндегі ауданның 60 жылдық тойына дайындық туралы мәселелер бойынша аудан әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Қазыбек Бейімбетов, ішкі саясат бөлімінің басшысы Жанар Несіпбаева, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Мерей Қалдыбеков атқарылып жатқан нақты жұмыстарымен бөлісті.

Жиынды аудан әкімі Ермек Амангелдіұлы қорытындылап: «Сіздер әр сала, ауылдық округ бойынша жауапкершілікті аркалап отырсыздар. Сол жұмыстарыңыз үшін жауап бересіздер. Рейтинг үнемі жасалады. Ауылдық округ әкімдері рейтингпен ойнамаңыздар. Жұмысты ширатыңыздар. Қазір ескертіп айтып отырмыз. Жұмыстарыңыз ширамаса ешкіме өкпелемейсіздер. Басшы өз ісіне әрқашан сергек қарауы керек» деп жауаптыларға жұмысқа белсенді болуды тапсырды.

Есет ДОСАЛЫ,
«Мойынқұм таңы».

МЕРЕКЕ АЛДЫНДАҒЫ АРНАЙЫ СҰХБАТ

АУДАН ӘКІМІ ЕРМЕК КАРЕНТАЕВ: «ТУҒАН ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ ҮШІН КЕЛДІМ»

– Ермек Амангелдіұлы, өзіңіз білетіндей, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайын еліміздегі республикалық қазақ тілді басылымдарға көлемді сұхбат беріп жүр. Біз де жоғарының үлгісін жалғай отырып, Сізді ашық сұхбатқа шақырғмыз келеді. Сіздің ауданымызға әкім болып келгеніңізге 1 жыл 9 айға жуықтады. Атқарып жатқан жұмыстардың көп екенін білемін. Республикалық деңгейде қызмет атқарған азаматсыз. Аудан басшысы болып келгеніңізге Мойынқұм өзіңізге қалай әсер етті? Жұмысты неден бастадыңыз? Қалай жалғасты?



– Ашық әңгімелескеніңізді құптаймын, Есет Жаңабайұлы. Иә, жалпы осы мемлекеттік қызметте ұзақ жылдан бері жұмыс атқарып келемін. Республика, облыс көлемінде бірталай қызметтерде басшылық лауазымдарда болдым. Енді менің ата-бабаларым осы Мойынқұм ауданында жұмыс атқарып, біраз еңбектерін сіңірген. Өзім де бала кезімде осы ауылда ойнап өскенмін. Ендігі кезекте Мойынқұм ауданына ұзақ жылдар бойы жинаған тәжірибемді іске асыру үшін, Мойынқұм ауданының әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамыту мақсатында осы туған өлкеге келген жайымсыз бар.

Енді ауданға бірінші келгенде біраз шешімін таппай отырған мәселелермен таныстым. Әрине шалғай жатқан аудан халқының ең бірінші мәселесі – ауыз су. Жалпы Мойынқұм ауданында 24 елді мекен бар. Осы 24 елді мекеннің 20-сы ауыз сумен қамтылған. Мен осы ауданға келген уақытта ауыз сумен қамтылмаған Ақсүйек, Ақбақай, Қашкентеңіз, Бұрылбайтал 4 елді мекен бар екендігін біліп, алғашқы жұмысымды осы елді мекендердің ауыз суынан бастап, республикалық, облыстық бюджеттен қаржы бөлігуге ықпал жасап, бүгінгі таңға аталған 4 елді мекеннің ауыз су мәселесін шешіп, аудандағы барлық елді мекен 100 пайыз ауыз сумен қамтылып отыр. Бірақ осы ауыз су мәселесі 100 пайыз қамтылды дей отырғанымен, тозығы жеткен, құбырларын, су жинау резервуарларын қайта жаңғыртудан өткізу үшін, аудандағы бірқатар басшылардың, Қазақстан Республикасының Парламентінде отырған жерлес депутаттарымыздың арқасында Мыңарал, Шығанақ, Бірлік, Биназар, Мойынқұм, Күмбәк ауылдарындағы су құбыры мен су жинау құрылыстарын қайта жаңартуға 8,5 миллиард теңге қаржы бөлінді, қазіргі таңға мердігерлері анықталып, жұмыстары басталып кетті.

Сонымен қатар Ұланбел ауылындағы ауыз су скважинасы құмға толып шіріген болатын. 2025 жылы аудандық бюджеттен 24,0 миллион теңге қаржы бөлініп скважинасы ұрылып, халыққа таза су беріледі. Қылышбай ауылында осы уақытқа дейін ауыз сулары тұзды болып, ауыз су мәселесі шешілмеген болатын. Биыл аудандық бюджеттен 36,0 миллион теңге қаржы бөлініп, ауыз су скважинасы ұрылып, 300,0 метр терендіктен таза ауыз су, яғни тұщы су шығарылды. Қосымша ауыз су мембранасына 7 миллион теңге бөлінді. Ендігі кезекте халыққа таза ауыз су берілетін болады. Сондай-ақ Мирный ауылындағы ауыз су құбырларының тозығы жетуіне және Балқаш көлінен дұрыс тартылмағандығына байланысты Мирный халқы таза ауыз суға зәру болып отыр. Бүгінгі таңға Мирный ауылындағы ауыз су құбырларын қайта жаңғыртуға 400,0 миллион теңгені құрайтын сметалық жоба әзірленді. Қазіргі таңға облыстық бюджеттен 117,7 миллион теңге қаржы бөлініп, жұмыстары басталу үстінде.

Электр желілеріне келетін болсақ, 2025 жылға облыстық бюджет есебінен Мыңарал, Ақсүйек, Мирный ауылдарындағы тозған электр желілерін толығымен ауыстыруға 449,3 миллион теңге қаржы бөлінді. Бүгінгі таңға Ақсүйек, Мирный ауылдарындағы электр желілері мен бағаналары толығымен ауыстырылды. Ал Мыңарал ауылындағы электр желілерін толығымен ауыстыру үшін биыл 290,1 миллион теңге қосымша қаржы бөлінді. Аудандағы жол саласына да көңіл бөліп келеміз. Жыл сайын аудандағы елді мекендердің ішкі көшелеріне де орта жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бұдан бөлек өздеріңіз білетіндей Мойынқұм-Бірлік тас жолының Көкжелек маңындағы тас жолы әбден жамалып, тозығы жеткен болатын. Аталған мәселені облыс әкіміне жеткізіп, биыл облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, облыстық маңызы бар «Бірлік-Мойынқұм-Ұланбел» автожолының 10-26 шақырым аралығын орта жөндеу үшін облыстық бюджеттен 930,3 миллион теңге қаржы бөлінді. Бүгінгі таңға Көкжелек ауылының жанынан өтетін тас жолы сүріліп, орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оған өзіңізде куә болып отырсыз.

Мойынқұм ауылының іргесіндегі Радай өзені арқылы өтетін көпір құрылысын жүргізу үшін республикалық бюджеттен 555 миллион теңге, облыстық бюджеттен 60 миллион теңге қаржы қарастырылып, құрылыс жұмыстары толығымен аяқталды. Сондай-ақ, 2025 жылы облыстық бюджет есебінен Қарабөген ауылына кіре беріс аудандық мәнді автомобиль жолындағы көпір құрылысына 181,0 миллион теңге қаржы бөлініп, 2025 жылға жоспарланған құрылыс жұмыстары аяқталды.

(Жалғасы 2-бетте)

АДАЛДЫҚ – АСЫЛ ҚАСИЕТ

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін күрделі әлеуметтік құбылыс. Ол мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігіне нұқсан келтіріп қана қоймай, халықтың билікке деген сенімін әлсіретеді. Сондықтан жемқорлықпен күресу тек құқық қорғау органдарының міндеті емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі болып табылады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз – жеке пайда табу мақсатында қызметтік өкілеттікті заңсыз пайдалану. Оның қатарына пара беру мен алу, қызметтік жағдайды жеке мүддеге пайдалану, мемлекеттік сатып алулардағы заң бұзушылықтар, сондай-ақ туыстық қатынастар арқылы қадірлік шешімдер қабылдау секілді әрекеттер жатады.

Жемқорлықтың қоғамға тігізетін зардабы орасан. Ең алдымен, мемлекеттік қаржының тиімсіз жұмсалыуына алып келеді. Сонымен қатар, инвестициялық ахуалдың нашарлауына, кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіруге, әлеуметтік теңсіздіктің күшеюіне әсер етеді. Әсіресе жастардың әділдікке деген сенімін төмендеуі – қоғам үшін үлкен қауіп. Мұндай келеңсіздіктер ұлттық қауіпсіздікке де теріс ықпал етеді.

Осыған байланысты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуі қажет. Бұл бағытта халық арасында адалдық пен әділдік құндылықтарын насихаттау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру аса маңызды. Аудан көлемінде де аталған бағыттағы жұмыстар кешенді түрде жүзеге асырылып келеді.

Қоғамдық орындарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мазмұндағы баннерлер орналастырылып, аудан орталығындағы LED экрандар арқылы арнайы бейнероликтер тұрақты түрде көрсетіледі. Сонымен қатар, арнайы медиа-жоспар әзірленіп, аудан әкімдігіне қарасты мекеме басшыларының қатысуымен жергілікті басылымдар мен әлеуметтік желілерде түсіндіру мақалалары жарияланып келеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің бірінші Call-орталығы – 1424 нөмірі туралы ақпараттық жадынамалар барлық елді мекендердегі қоғамдық орындар мен мекемелерде жаңартылып, тұрғындарға кеңінен таныстырылуда.

Жергілікті атқарушы органдардың профилактикалық жұмысы тек үгіт-насихатпен шектелмейді. Негізгі мақсат – халыққа сапалы мемлекеттік қызмет көрсету, қоғаммен ашық байланыс орнату және мемлекеттік қызметкерлердің бойында адалдық қағидаларын қалыптастыру. Осы мақсатта мемлекеттік қызметкердің сапалы әрі уақытылы көрсетілуі тұрақты бақылауға алынған. Сонымен қатар, аудан және ауыл әкімдерінің тұрғындармен кездесулері жүйелі түрде өткізіліп келеді.

Мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту мақсатында әдеп жөніндегі уәкілдердің қатысуымен кездесулер ұйымдастырылып, әдеп кодексінің талаптарын сақтау мәселелері түсіндіріледі. Бұл жұмыстар мемлекеттік қызметкерлердің жауапкершілігін арттырып, адал қызмет ету қағидаларын орнықтыруға бағытталған.

Жалпы, сыбайлас жемқорлықпен күрес – бір реттік науқан емес, үздіксіз жүргізілетін жүйелі процесс. Қоғам дамыған сайын бұл бағыттағы жұмыстар да жетілдіріле түседі. Әр азамат заң талаптарын сақтап, адалдық қағидаларын ұстанғанда ғана әділетті әрі дамыған қоғам құруға болады.

Ермек КАРЕНТАЕВ,
Мойынқұм ауданының әкімі.

МӘСЛИХАТТА

НАҚТЫ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАНДЫ

Сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезектен тыс елу алтыншы сессиясы болып өтті. Сессия жұмысына аудан әкімі Ермек Карентаев қатысты.

Сессия жұмысы басталмай тұрып, депутат Пернебай Рысымбетовтің төрағалығымен тұрақты комиссия отырысы өтті. Тұрақты комиссия отырысында аудан әкімі жанындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссия құрамына, аудандық эвакуациялық комиссиясының құрамына, аудан әкімдігі жанындағы жастар ісі жөніндегі кеңестің құрамына, Қылымстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі консультациялық – кеңесші органның құрамына, аудан әкімдігінің жанындағы мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссия құрамына бірқатар жаңа мүшелерді қосу туралы аудан әкімдігінің бөлім, мекеме басшылары тарапынан ұсыныстар айтылды. Мәслихат депутаттары бұл ұсыныстарды бірауыздан мақұлдады.

Сессия жұмысын аудандық мәслихаттың төрағасы Нұртас Саурықов жүргізіп отырды. Сессияда Мойынқұм аудандық мәслихатының 2025 жылғы 22 желтоқсандағы «2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» №47-5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы мәселе қаралды. Бұл ретте аудан әкімдігі экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің басшысы Еркін Кеншімов қаржылардың қай тарапқа бөлінетіндігі туралы хабарлама жасады. Депутаттар бұл өзгерістер мен ұсыныстарды қолдап дауыс берді. Сессияда депутат Бекболат Өткелбаев аудан орталығының той алдындағы тазалығы бойынша сұрақ қойды. Бұл сауалға аудан әкімінің орынбасары Әлібек Нұрадинов пен Мойынқұм ауылдық округінің әкімі Рүстем Тұрарқұл жауап берді.

Сессияда аудан әкімі Ермек Амангелдіұлы сөз сөйлеп, ауданның 60 жылдығы мен Жазылбек Қуанышбаевтың 130 жылдығын жоғары деңгейде тойлау жоспарланып отырғанын айтып, аудан активі мен халық қалаулыларын аталған іс-шараға белсенді үлес қосуға шақырды.

Алдаберген АҚИҚАТ,
«Мойынқұм таңы».

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

МЕРЕЙТОЙДЫ ТАМАШАЛАУҒА АСЫҒЫҢЫЗДАР!



іс-шарасы 2026 жылдың 29-30 мамыр күндері өтеді.

АТАЛҒАН ІС-ШАРАНЫҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ:
29.05.2026 ЖЫЛ, (ЖҰМА КҮНІ)

Сағат 15.00-17.30-де ауданның 60 жылдығы мен екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаевтың – 130 жылдығына арналған тарихи-танымдық конференциясы Мойынқұм ауылы, Б.Омаров көшесі №13, аудандық мәдениет үйінің үлкен залында өтеді. (артынан, атаулы медальдармен марапаттау).

Сағат 19.00-20.30-де ауданымен екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаевтың – 130 жылдығына арналған мәдени көпшілік

налған концерт. Мойынқұм ауылы, «Абылайхан» орталық алаңында өтеді.

30.05.2025 ЖЫЛ, (СЕНБЕ КҮНІ)

Сағат 09.00-09.20-де екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаев пен ауданның құрылуына үлес қосқан Айтбай Назарбековке және ауданға еңбек сіңірген Еңбек Ері батырларының ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою, құран бағыштау рәсімдері өтеді.

Сағат 09.30-10.00-де іс-шара өтетін Этно-ауылмен танысу. Атап айтқанда, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ж.Қуанышбаевқа, Халық қаһарманы Қ.Рысқұлбековке арналған дала музейін, аудандық «Мойынқұм таңы» газетінің 60 жылдығына арналған бұрышты, стендті тамашалау,

Дала кітапханасы Мойынқұм ауданы туралы кітаптар көрмесін, музейде тарихи жәдігерлерді көру.

Сағат 10.00-11.30-де үлкен сахнада облыс, аудан қонақтарының құттықтауы, театрландырылған сахналық-мәдени көрінісі, жұлдыздар ән шашуы.

Сағат 11.30-13.00-де Этно-ауылы аймағында: түйе балуандар күресі (түйе палуан күресінің финалы).

Сағат 13.00-15.00-де түскі үзіліс.

Сағат 15.00-16.30-де Этно-ауылы аумағында «Аламан», «Құнан» бәйге ат жарысы өтіп, марапаттауы болады.

Сағат 16.30-да қонақтарды Мойынқұм ауылының арқасынан шығарып салу.

Ұйымдастыру алқасы.

АУДАН ӘКІМІ ЕРМЕК КАРЕНТАЕВ:

«ТУҒАН ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ ҮШІН КЕЛДІМ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал 2026 жылға аудандық бюджеттен 173,1 миллион теңге қаржы бөлінді. Нысан осы жылдың маусым айына дейін пайдалануға берілетін болады. Мәдениет және спорт саласы бойынша «Ауыл ел бесігі» жобасы аясында жобалық сметалық құны 340,4 миллион теңгені құрайтын Айдарлы ауылындағы спорттық-сауықтыру кешенінің құрылыс жұмыстары 2022 жылы басталған болатын. Осы нысанның құрылысы 2024 жылы аяқталуы тиіс болатын. Алайда аяқталмай тұрып қалған. Бұл да мен ауданға келген кездегі ең бірінші мәселенің бірі еді. Бұны да әріптестеріммен бірге жұмыс жасап, бүгінгі таңға нысан толығымен аяқталды. 2025 жылдың қыркүйек айында пайдалануға берілді. Сонымен қатар, Айдарлы ауылындағы кітапхана мен 90 орындық клубтың құрылыс жұмыстары 2024 жылы басталған болатын. Жобалық сметалық құны 256,0 миллион теңге. Бүгінгі таңға құрылыс жұмыстары 100 пайызға аяқталып, пайдалануға берілді. Сондай-ақ 2025 жылы облыстық бюджеттен 193,0 миллион теңге қаржы бөлініп, Бірлік ауылындағы орталық стадионға жүргізілген қайта жаңғырту жұмыстары толықтай аяқталды. Осы жылдың мамыр айында салтанатты түрде ашылып, халық игілігіне пайдалануға берілді.

Бұдан бөлек, аудандық бюджеттен 37,9 миллион теңге қаржы бөлініп, Мойынқұм, Қияқты ауылдарында заманауи футбол алаңшасы ел игілігіне берілсе, аудандағы тозығы жеткен 7 футбол алаңшаларын қайта қалпына келтіруге аудандық бюджеттен 41,3 миллион теңге бөлініп, қазіргі таңға жұмыстар толығымен аяқталды. Сондай-ақ Құшаман ауылынан күрес пен боксқа арналған спорт залын салу үшін сметалық жобасы дайындалып, сараптамадан өтті. Бүгінгі таңға аудандық бюджеттен 125 миллион теңге қаржы қаралып, қазіргі таңға спорт нысанының іргетасы қалануда.

Ауданды көркейту бойынша ауданның сәулеттік келбетін жақсарту мақсатында аудан орталығындағы Амангелді көшесінің кіре берісінен заманауи еврокақта орнату, Амангелді көшесіндегі көпқабатты 6 үйдің сыртқы келбетін әрлендіру мен шатырын ауыстыру, аумағын абаттандыру, балалар ойын алаңын орнату, Амангелді көшесінің бойында орналасқан Ұлы Отан соғысы ардагерлерін еске алу обелискісін қайта жаңғырту, Қияқты ауылындағы көпқабатты 1 тұрғын үйдің шатырын ауыстыру бойынша аудан бюджетінен 170,0 миллион теңге бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылды.

Сондай-ақ Бірлік ауылында орналасқан орталық саябақты абаттандыруға аудандық бюджеттен 76,0 миллион теңге, Биназар ауылында орналасқан орталық саябағын абаттандыруға 15,3 миллион теңге бөлініп, бүгінгі таңға жұмыстары аяқталды. Былтыр барлық ауылдық округтерде орналасқан Ұлы Отан соғысы ардагерлерін еске алу обелискілерін қалпына келтіру үшін аудандық бюджеттен 68,0 миллион теңге бөлініп, жұмыстар толығымен аяқталды. Аудан орталығындағы Ұлы Отан соғысы ардагерлерін еске алу обелискісіне 3400 майдангердің тізімі тасқа жазылып, ілінді.

Сонымен қатар Мойынқұм ауылының кіре берісіне Мойынқұм эмблемасы орнатылып, айналасы абаттандырылды. Мойынқұм ауылының дизайнын көркемдік элементтермен және декоративті инсталляциялармен безендіру үшін 2025 жылы аудандық бюджеттен 31 миллион теңге бөлініп, Амангелді көшесіне 33 бағанға гүл бейнесіндегі, Керей мен Жәнібек саябағының ішіндегі бағаналарға стакан бейнесіндегі жарықтармен безендірілді.

Ауылдың кіре берісіндегі «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» деген жазу алынып, оның орнына Мойынқұм атауы 3D форматындағы декоративті жазу орнатылды және табиғат бейнесімен әсемделді. Сондай-ақ «Құралай сұлу» ескерткіш монументінің жанынан 3D форматындағы «Мойынқұм ауданына 60 жылы» деген стелласы орнатылды. Одан бөлек Мойынқұм ауылының орталығындағы «Жаз-ата» саябағы алдынан геометрия стиліндегі аркасы орнатылып, әр түрлі жарықтармен безендірілді. Амангелді көшесінің бас жағынан этно стилдегі қазақи оюлармен нақышталған арка орнатылды.

Сонымен қатар Мойынқұм ауылындағы Амангелді көшесінің бойындағы аллеяны абаттандыруға, К.Рыскулбеков атындағы саябақты қайта жаңғыртуға 86,5 миллион теңгеге сметалық құжаттамасы әзірленді. Қазіргі таңға жұмыстары басталып кетті.

Төтенше жағдай және құқық қорғау саласы бойынша 2025 жылы аудан орталығында орналасқан өрт сөндіру бекетін қайта жаңғырту үшін республикалық бюджеттен 300 миллион теңге қаржы бөлініп, замануи үлгідегі жаңа өрт сөндіру бекеті осы жылдың наурыз айында пайдалануға берілді. Аудандық өрт сөндіру бекетіне 1 дана жаңа «Хайлюк пикап» автокөлігі және 1 дана жаңа катер табысталды. Осы жылдың шілдесіне дейін Мыңарал ауылынан яғни, Балқаш көлінің жағасынан заманауи үлгідегі құтқару пунктін соғылатын болады. Жоғарыда атап өткендей 1 дана жаңа катер сол құтқару пунктінде берілетін болады. Сондай-ақ 2026 жылға Мыңарал, Хантау,

Ақсүйек, Қарабөгет ауылдарынан өрт сөндіру пунктін соғу жоспарланған. Осы жылдың аяғына дейін бұл нысандарды да соғатын боламыз. Бұдан бөлек 2025 жылы Шығанақ ауылынан 20 штатқа арналған полиция пунктіннің ғимараты стандартқа сәйкес қайта жаңғыртылды. Аталған жөндеу жұмыстарына аудандық бюджеттен 17,0 миллион теңге бөлінді.

Білім саласы бойынша 2025 жылы Құшаман ауылындағы Амангелді орта мектебі апатты болып танылып жабылған болатын. Осыған орай бүгінгі таңға мектеп оқушылары мен шағын орталықтағы балалар ауылдық округ әкімшілігінің ғимаратында уақытша оқуларын жалғастыруда. Бүгінгі таңға облыстық құрылыс басқармасы арқылы жаңа 80 орындық мектептің сметалық құжаттары әзірленді. Сметалық құны 1,7 млрд.теңгені құрайды. Осы жылдың мамыр айында облыстық бюджеттен 800,0 млн.теңге қаржы бөлінді. Осы жақын арада Құшаман ауылынан 80 орындық мектеп құрылысы бой көтеретін болады. Демеушілер, яғни «Алтыналмас» Акционерлік қоғамы есебінен 2025 жылы Ақбақай ауылының Сарыбулақ учаскесінде орналасқан ауыз су насосына 130,0 миллион теңгеге трансформатор орнатылып, бүгінгі таңға ауыз су беріледі. Ақбақай мектебінің жылу трассасы және ішкі жылу жүйесін 12,0 миллион теңгеге толығымен ауыстырды. Аудандық орталық ауруханаға 100,0 млн.теңгеге жылжымалы «Реанимобиль» автокөлігі алынып берілді. 35,0 млн.теңгеге балалар ойын алаңшасы салынып берілді. Осы 2026 жылға Ақбақай орта мектебінен «Смарт» кабинет ашу, дала сахнасын соғу, футбол алаңшасын соғу жоспарлануда. Сонымен қатар «Аппак тас» ЖШС демеушілік танытып Ақбақай ауылынан 14,0 млн.теңгеге стритворкаут салып берді. Осындай игі іс-шаралар алдағы уақытта жалғасын табатын болады. Жалпы ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру мақсатында жоспарларымыз көп. Барлығы қаржыға келіп тіреледі. Аудан бюджетінің барлық мәселелерді қамтуға күші жетпейді. Дегенмен де жұмыс жасайтын боламыз.

– Бұл аудан тұрғындарының ауызында: «Бұрын сонды болмаған Жаңа жылдық шырша мерекесі өтті» деген сөз жүр. Ол қандай мереке, өзіңіз қысқаша тарқатып айтасыз ба?

– 2024 жылы ауданға келген уақытымда аудандағы ең бірінші жаңа жыл мерекесін өткіздік. Алайда мерекенің өткізу бағдарламасы, безендірулері алдын ала әзірленіп қойған екен. Мен өз тарапыман әзірленген бағдарламаны қайта өңдеуге кіріспедім, яғни сол ескіше өткізілді. Енді мен Астана, Алматы, Тараз қалаларында қызметте жұмыс жасаған уақытымда, сол қалалардың жаңа жылдық іс-шараларына қатысып жүрдім. Осыған байланысты аудан халқы жаңа жыл мерекесін қалада жүргендей сезінсін деген мақсатта жаңаша үлгіде жоспарладым. 2026 жылғы «Жаңа жыл» мерекесі іс-шарасын өз бақылауыма алып, басынан аяғына дейін іс-шараның бағдарламасы, безендіруіне аса көңіл бөліп, өте үлкен жағдайда өткізілді. Ең бастысы аудан халқының көңілінен шықты деп ойлаймын.

– Ауданның негізгі экономикалық дамуын ауыл шаруашылығы құрайды. Ауданда ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерліктің, өнеркәсіптің дамуы қалай?

–Мойынқұм ауданы экономикасының негізгі саласы ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп саласы. Аудан табиғи-климаттық ерекшеліктеріне байланысты негізінен мал шаруашылығына маманданған. Ауданда 600-ге жуық шаруа қожалық тіркелсе, оның 450-ге жуығы мал бағытымен айналысуда. Мал шаруашылығы бойынша айтатын болсақ ауданда қой, жылқы, түйе және ірі қара өсіру жақсы дамыған. Әсіресе жайылымдық жерлердің көп болуы ірі қара мен жылқы шаруашылығын дамытуға қолайлы. Сонымен қатар «Агрофирма Түрікпен» ЖШС-нің Ресей Федерациясынан асыл тұқымды қалмақ сиырларының 10 мыңға жуық басын сатып алып келуіне байланысты, яғни өз есебінен төлдеудің арқасында соңғы 10 жылда ірі қара басы 30 мыңнан 60 мыңға дейін өсіп отыр. Ауданның көп бөлігі шөлейт және жайылымдық аймақ болғандықтан, ауыл шаруашылығы көбіне экстенсивті бағытта жүргізіледі.

Егін шаруашылығы жағдайына тоқталатын болсақ биылғы жылға 4,5 мың гектар жерге егістік егілді. Былтырғы жылмен салыстырғанда 346 га артық егілген. Оның ішінде 3,5 мың га жуық көп жылдық мал азығы болып отыр. Көрші Шу ауданында қытайлық жүгері зауытының ашылуына орай дәндік жүгері дақылна 350 га дейін егуге басымдылық берілді.

Қосымша сурмалы жерлерде көкөніс, бақша өнімдері өсіріледі. Кей жерлерде бидай мен арпа да егіледі. Аталған өнімдерді тиімді суару үшін жылма-жыл аудандық бюджет есебінен беттерді нығайтуға, шлюздерді жаңартуға және де каналдарды механикалық тазалауға қомақты қаражаттар қарастырып отырмыз. Ағымдағы жылдың өзінде 90,0 миллион теңгеге жуық қаражат бөліп, нақты жұмыстары атқарылуда. Соңғы жылдары Су ресурстары және ирригация министрлігіне қарасты «Қазусуар» кәсіпорының жұмысы жандануда. Нақтырақ айтатын болсам үлкен эксковаторлар мен арнайы техникаларының берілуіне байланысты ауданның негізгі каналдарына механикалық тазалау жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар келер жылға «Сануй», «Оңғарбай», «Байбарак», «Көкжелек»,

«Құшаман», «Коминтерн» каналдарына бетондау жұмыстары жоспарлануда. Бұл өз кезегінде ағын судың тиімді пайдалануына үлкен септігін тигізеді деп есептеймін. Диканшыларымыз да ағын суды тиімді пайдалану мақсатында су үнемдеу технологияларына біртіндеп көшеуде. 2025 жылы 63 гектар болса, 2026 жылға аталған егістік алқап 100 гектарға артып отыр.

Аудан экономикасында мал шаруашылығы, тау-кенөндірісі, цемент өндірісі және шағын кәсіпкерлік негізгі рөл атқарады. Ауданымызда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Мемлекеттік бағдарламалар арқылы кәсіпкерлерге жеңілдетілген несие беру, гранттар бөлу және инфрақұрылымдық қолдау көрсету жүзеге асырылып келеді. Ауданда сауда, қызмет көрсету, ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеу, құрылыс және көлік салаларында кәсіпкерлік белсенді дамуда. 2026 жылдың қаңтар-сәуір айлары аралығында бөлшек сауда көлемі 1,9 миллиард теңгеден асқан. Кәсіпкерлікті қолдау мақсатында жаңа инвестициялық жобалар қолға алынған. Бұл жобалар аудан тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтуға және экономикалық белсенділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Мойынқұм ауданында өнеркәсіп саласы да қарқынды дамып келеді. Аудан экономикасында алтын өндіру, цемент шығару және кен өндірісі маңызды орын алады. Аудандағы ірі кәсіпорындардың қатарында: «Алтыналмас» АҚ Ақбақай филиалы-алтын өндіру саласында, «Жамбыл цемент өндірістік компаниясы» ЖШС цемент өндірісі, «Оргстрой» ЖШС-гранит өндірісі, «Шығыс кен басқармасы» ЖШС-барит өнімі өндірісі, «Эврика барит» ЖШС-барит өндірісі, «Мың-Арал» ЖШС-балық өңдеу секілі өндіріс орындары жұмыс істейді. «Жамбыл цемент» зауытының жылдық өндірістік қуаты 1,5 миллион тонна цемент өндіруге жетеді. Кәсіпорын еліміздің цементке деген сұранысының шамамен 20 пайызын қамтамасыз етеді.

2026 жылғы қаңтар-сәуір айларында аудан өнеркәсіп кәсіпорындары 64,5 миллиард теңгенің өнімін өндірген. Бұл көрсеткіш облыстағы аудандар арасында ең жоғары деңгейдің бірі. Жалпы өнеркәсіп саласында 2 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. 2026 жылдың қаңтар-сәуір айларында «Негізгі капиталға салынған инвестициялар» 6,0 млрд.теңгені құрады.

Мойынқұм ауданында алдағы жылдары 7 ірі инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Бұл жобалар: «Shagal Mining» ЖШС, «Аметист-2012 БР» ЖШС, «Total Energies» («Актас Энерджи» ЖШС), «Turan Industry» ЖШС, «Vie Mynaral» ЖШС, «VIE Shyghanak» ЖШС, «Хантау АБК» ЖШС. Бұл жобалар ауданда жаңа жұмыс орындарын ашуға, өнеркәсіп өндірісін кеңейтуге, аудан экономикасына инвестиция тартуға бағытталған. Жоспарланған жобалар іске асқан жағдайда 850-ден астам жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

Сондай-ақ, Мойынқұм ауылының жанынан көмір шикізатын өндіруге Қытай Республикасының инвесторы «Аншун Энерджи» ЖШС-мен келіссөздер жүргізіліп, бүгінгі таңға ауданға тіркелді. Яғни жылдық қуаты 3,0 млн.тонна көмір өңдейтін, құны 150,0 млн. АҚШ долларын (75,0 млрд.теңге) құрайтын өндіріс орнын ашуды жоспарлауда. Бүгінгі таңға құжаттарын заңдастыру бойынша жұмыстарын жүргізуде және аудан әкімінің өтінішіне сәйкес демеушілік ретінде сол аумақта орналасқан 32 шаруа қожалықтың маңынан өтетін 93 шақырым автожол құрылыс жұмыстары жүргізілді. Аталған шаруа қожалықтар игі істерімізге алғыстарын білдіруде. Аудан экономикасында ауылшаруашылығы мен өнеркәсіп өзара тығыз байланыста дамып, халықты жұмыспен қамту мен өңірдің тұрақты дамуына негіз болып отыр.

– Ауданда білім, денсаулық, спорт, мәдениет, әлеуметтік салаларында қандай жаңалықтар бар? Жасыратыны жоқ, Мойынқұм ауданы десе, жас мамандардың келе қоюы да қиын. Қандай жол тартып жатырсыздар?

– Ауданымызда 23 мектеп, 15 балабақша, 5 мектептен тыс мекемелері және психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті мекемелері бар. 2025-2026 оқу жылында 23 мектепте 5143 оқушы білім алуда. Жалпы педагогтар саны-967. Оның 910-жоғары білімді, жаңа үлгідегі кәсіби біліктілік санатын алған ұстаздар саны – 691, яғни 71,4 пайызды құрап отыр. Биылғы оқу жылында 11 сыныпты 289 оқушы бітірмекші, оның ішінде 8 оқушы «Алтын белгіге», 38 оқушы үздік аттестатқа үміткер.

2024 жылы Мыңарал ауылы мен Қарабөгет ауылындағы мектептер авариялық болып танылып жабылған болатын. Аталған 2 нысанға республикалық бюджеттен жалпы 3,4 миллиард теңге бөлініп, Мыңарал ауылынан 120 орындық және Қарабөгет ауылынан 80 орындық жаңа заманға сай мектеп ғимараттары бой көтеріп, пайдалануға берілді. Құшаман ауылындағы Амангелді атындағы орта мектебі апатты болып танылуына байланысты осы жылы облыстық бюджеттен 800,0 миллион теңге қаржы бөлінді. Осы ауылда биыл 80 орындық мектеп құрылысы басталды. 2025-2026 оқу жылының соңында аудан бойынша 1-10 сынып аралығында 4846 оқушы аяқталды. Қала сыртындағы сауықтыру лагеріне 200 бала баратын болады. Жалпы аудан бойынша ішкі және сыртқы лагерьге – 500 бала тартылып отыр. Спорт саласында ауданымызда соңғы жылдары

бірқатар оң өзгерістер жүзеге асырылуда. Ауылдық елді мекендерде спорт инфрақұрылымын дамытуға басымдық беріліп, спорт алаңдары мен кешендері кезең-кезеңімен жаңартылып келеді. Кізылотау ауылдық округі Құшаман ауылында шағын спорт зал салынуда. Жастар мен тұрғындардың бұқаралық спортпен тұрақты айналысу үшін ауданда барлығы 159 спорт нысаны бар.

Сонымен қатар ұлттық спорт түрлерін дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Қазақ күресі, дзюдо, еркін күресі, футбол, волейбол, бокс секілді бұқаралық спорт түрлері бойынша аудан спортшылары облыстық және республикалық жарыстарда жақсы нәтиже көрсетіп жүр. Қазақ күресінен «Жас Барыс» республикалық турнирінің жеңімпазы Сабырбек Кемелбек, самбо күресінен жастар арасында Азия чемпионы Жұмадулла Оңалбай, қазақ күресінен «Жас Барыс» республикалық турнирінің жеңімпазы, Ерасыл Бағдаулет бастаған біраз жастарымыз үнемі жеңіске жетуде.

Денсаулық сақтау саласында 1 орталық аурухана, 8 дәрігерлік амбулатория, 5 ФАП, 10 медициналық тірек пунктін халыққа қызмет көрсетуде. 2024 жылы Сарыөзек ауылындағы медициналық тірек ғимараты құрылысына 118,3 млн. теңгеге және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысына 84,0 миллион теңге қаржы облыстық бюджеттен бөлініп, құрылыс жұмыстары толығымен аяқталып, 2025 жылы халық игілігіне пайдалануға берілді. Қазіргі таңға аудандық орталық аурухананы толықтай күрделі жөндеуден өткізу және замануи үлгідегі медициналық құрылыстармен қамтамасыз ету үшін, сметалық жобасын әзірлеуге жобалау-іздістіру жұмыстары құжаты алынып, облыс әкімдігінің денсаулық, құрылыс басқармаларына бюджеттік сұраным жолданды. Денсаулық саласында бүгінгі таңға 13 бірлік бос орындар бар. Яғни кадр тапшылығы байқалады. Аталған кадр тапшылығын болдырмау мақсатында медициналық университеттерге сұраныстар жиі жолданауда. Ауданның бас дәрігері жоғары оқу орнындағы студенттермен кездесіп түсіндірме жұмыстарын жүргізуде.

Ауданымызда 18 мәдениет ошағы халыққа қызмет етеді. 104 қызметкер жұмыс атқарады. Айдарлы ауылындағы кітапхана мен 90 орындық клубтың құрылыс жұмыстары 2024 жылы басталған болатын. Жобалық сметалық құны 256,0 млн.теңге. Бүгінгі таңға құрылыс жұмыстары 100 пайызға аяқталып, халық игілігіне пайдалануға берілді. Жалпы мәдениет саласында жыл ішінде әр түрлі іс шаралар жоғары деңгейде өткізілуде. Бюджет қаржысының мүмкіндігіне қарай әр елді мекендегі мәдениет ошақтары ағымдағы жөндеуден өткізуге жұмыс жасайтын боламыз.

– Халықтың тұрғын үймен қамтылуы арқашанда өзекті. Бұл ретте бірқатар нақты жұмыстар жүргізіліпті. Алдағы жоспарыңыз қандай?

–Қазақстан Републикасының Заңдарына сәйкес, тек көпбалалы отбасылар мен халықтың әлеуметтік осал топтарын тұрғын үймен қамтамасыз етуге ғана құзырымыз бар. Жалпы 2024 жылы республикалық бюджеттен 159,1 миллион теңге, аудандық бюджеттен 71,1 миллион теңге қаражат бөлініп, 2 пәтерлі 6 тұрғын үй сатып алынып, аудандағы әлеуметтік осал топтағы азаматтарға берілді. 2025 жылы республикалық бюджеттен 294,0 млн.теңге бөлініп, көпбалалы отбасылар мен халықтың әлеуметтік осал топтарын тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін 20 пәтер сатып алынды.

– Ауылдық округтер бойынша қай ауылдағы жаңашыл жұмысқа көңіліңіз толады, қай округте шешімді табылуы тиіс мәселелер бар?

– Жалпы ауданда 16 ауылдық округ бар. Барлығы қазынадағы бюджетке қарай жұмыс атқарады. Барлық ауылда да мәселелер бар. Жалпы Ұланбел, Ақбақай ауылдық округтерінің әкімдері ауылдағы кішігірім нысандарды демеушілік есебінен жандандырып жұмыс атқарады. Бірлік ауылдық округінде біраз өзгерістер болды. Облыс, аудан бюджеті есебінен орталық саябақ, стадион, мектеп, музей, генералдар аллеясына қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Кеңес ауылдық округі Айдарлы ауылында да жаңашылдық бар. Яғни спорт кешені, 90 орындық ауылдық клубы, кітапхана нысандары бой көтеріп, халық игілігіне пайдалануға берілді. Құшаман ауылындағы жаңа нысандарды айттым. Жақын арада бұл нысандарда халық игілігіне берілетін болады. Жалпы аудандағы ең өткір мәселе бұл «Ауданға газ қашан келеді» деген сұрақ. Газдандыру бойынша ауданның 9 елді мекеніне (Айдарлы, Бірлік, Биназар, Назарбеков, Көкжелек, Құшаман, Жамбыл, Мойынқұм, Қылышбай) газ құбырлары мен газ тарту бойынша 2024 жылы 2,8 миллиард теңге бөлініп, толық игерілді. 2025 жылға республикалық бюджеттен 10,0 млрд. теңге, облыстық бюджеттен 1,1 млрд. теңге барлығы 11,1 млрд.теңге бөлініп, қазіргі уақытта 1-кезеңнің жұмыстары бойынша Шу ауданы шекарасынан, Айдарлы ауылына дейін 68,5 шақырым магистралды газ құбырының 62 шақырымы тартылды. Биылғы жылға республикалық және облыстық бюджеттен 4,5 млрд.теңге қаржы бөлінді. Қазіргі таңға газ тарту жұмыстары кестеге сәйкес жүргізілуде. Газ тарту жобасы 7 кезеңге бөлінген. Қалған жобалар бойынша энергетика министрлігіне қосымша қаржыландыруға өтінім жолданды. Жалпы 2030 жылға дейін жоғарыда аталған елді мекендерді газбен қамтамасыз ету жоспарда бар.

–Кадр таңдау мәселесінде қандай қағидаға сүйенесіз? Айналыңызда үнемі жас азаматтар қызмет атқарып жатыр. Олардың жұмыстарын қалай бағалайсыз?

– Кадр таңдау мәселесінде ең басты қағида адамның кәсіби біліктілігі мен жауапкершілігіне сүйену. Қызметке алынатын азаматтың білім деңгейі ғана емес, оның еңбекке адалдығы, бастамашылдығы, командамен жұмыс істей білуі және ел мүддесіне қызмет етуге дайындығы маңызды рөл атқарады. Жас мамандарға келсек, бүгінгі буын өте білімді, технологияны жақсы меңгерген, жаңашыл ойлайтын азаматтар деп есептеймін. Олар жаңа идея ұсынып, заманауи тәсілдерді енгізуге бейім. Сондықтан жастарға мүмкіндік беру-кез келген ұйымның дамуына серпін береді.

–Биыл ауданымыздың 60 жылдығы, даңқты жерлесіміз, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаев атамыздың 130 жылдығы, аудандық «Мойынқұм таңы» газетінің 60 жылдығы атап өтілгелі отыр. Дайындық жұмыстарының нәтижесі қалай?

– Жалпы Мойынқұм ауданының 60 жылдық мерейтойын 2025 жылы яғни былтыр өткізу жоспарланған болатын. Бұл мәселе бірнеше рет аудандағы ақсақалдармен, ардагерлермен талқыланған еді. Ең соңғы нүкте осы жылға тойлаймыз деп шештік. Себебі екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаев атамыздың 130 жылдығында осы мерейтоймен бірге өткізуге тоқталдық. Қазіргі таңға дайындық барысы жүргізілуде. Жалпы мерейтой 2026 жылдың 29-30 мамырына белгіленді. Аталған мерейтойға Республикадан, облыстан беделді қонақтар шақырылды. Сонымен қатар аудан халқы да қатысатын болады. Ендігі кезекте осы мерейтойды өз деңгейінде өткізуге бар күшімізді салып отырмыз. Мерейтой демеушіліктердің есебінен атқарылатын болады. «Мойынқұм таңы» газеті – аудан айнасы. Той барысында газеттің 60 жылдығына да көңіл аударылады.

– Марапат дегенді сіз қалай түсінесіз? Қазір қоғамда марапат түрі сектен тыс көбейіп кеткен жоқ па? Мәселен, ауданның Құрметті азаматы атағына сіздің ойыңызша кімдер лайық?

–Меніңше, марапат – жай ғана медаль не атақ емес, ол қоғамның белгілі бір адамға берген бағасы, еңбегіне деген құрметі. Нағыз марапат адамның ұзақ жылғы адал еңбегі, елге сіңірген нақты пайдасы, азаматтық ұстанымы үшін берілуі керек. Сондықтан марапаттың салмағы оның санына емес, әділдігі мен қадіріне байланысты. Қазіргі қоғамда марапат түрлері көбейіп кеткені рас. Кейде түрлі атақтар мен алғыс хаттардың тым жиі берілуі олардың беделін төмендетіп жібереді. Әсіресе, шынайы еңбек пен формалды көрсеткіштің ара-жігі ажырамай қалатын жағдайлар кездеседі. Мұндай кезде халық арасында «марапат ұнай ойлай болып кетті» деген пікір қалыптасады. Сондықтан марапат беру кезінде ашықтық, әділдік және нақты еңбекті бағалау басты орында болуы керек.

Ал ауданның Құрметті азаматы атағына келсек, менің ойымша, бұл атақ: бір күнді емес, ұзақ жылдық еңбегімен танылған, ауданның дамуына нақты үлес қосқан, халықтың арасында сый-құрметке ие, тек қызметімен емес, адамгершілігімен үлгі болған азаматтарға берілуі тиіс. Мұндай адамдардың қатарында ұстаздар мен дәрігерлер, ауыл шаруашылығы мен өндіріс ардагерлері, мәдениет пен спорт саласының мейлінше талантты, елдің бірлігіне еңбек еткен ақсақалдар, қайырымдылық жасап, жастарға қолдау көрсетіп жүрген азаматтар лайық. Ең бастысы-Құрметті азамат атағы лауазым үшін емес, халыққа сіңген шынайы еңбек үшін берілсе, қадірі артады. Негізінен марапат алу ережелері бар. Сол ережелерге, Қазақстан Республикасының заңдарына сүйене отырып марапат құжаттары әзірленеді.

–Соңғы сұрағыңыз болсын. Егер қарсы болмасаңыз, Астана қаласында жақсы қызметтерде жүріп, Мойынқұм ауданына басшы болып келуіңіздің себебі неде? Туған жерге деген парыз ба, сағыныш па? Сонымен қатар отбасыңыз туралы білуімізге бола ма?

–Сұхбат барысында ұзақ жылдардан бері мемлекеттік қызметте жүргенімді айтып өттім. Республика, облыс көлемінде бірталай қызметтерде, басшылық лауазымдарда болдым. Астана сияқты үлкен қалада қызмет атқару-үлкен тәжірибе мен мүмкіндік беретіні рас. Бірақ адам үшін туған жердің орны арқанан бөлек. Мойынқұмға келуімнің негізгі себептерінің бірі-сол тәжірибені елге, туған өңірге пайдаға асыру ниет

ТҮЛЕКТЕР ТАРТУУ

ЕРБОЛАТ САУРЫҚОВ БАСТАҒАН ШӘКІРТТЕР АЯНЫП ҚАЛМАДЫ



Оқу жылының аяқ жағына қарай әр мектепті бітірген ұл-қыздардың алтын уа мектептеріне жеткенше асығатыны бар. Ол үрдіс биыл да жалғасты. Құмөзек ауылындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы мектептің түлегі, белгілі ғалым, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Ерболат Саурықов өзі оқыған білім ошағына арнайы келіп, кітапханаға 80 көркем әдеби кітаптар тарту етіп, спорт залды жөндеуге, теннис үстелін сыйлауға уәдесін берді. Мектеп оқушыларына бірнеше футбол мен

волейбол доптарын сыйлады. Сонымен қатар, оқушылар арасында кіші футболдан аудандық турнир өткізіп, 1 миллион жүлде қорын тікті. Жеңімпаз болған Құшаман, жүлдеге іліккен Мойынқұм, Жамбыл ауылдары қомақты ақшалай сыйлықпен, кубокпен марапатталды. «Осындай қолы ашық, ауылға жанашыр шәкіртімізбен мақтанамыз», – дейді аталған мектеп директоры Қайрат Құрымбаев. Сонымен қатар, Көкжелек ауылындағы Б.Момышұлы орта мектебінің директоры Арайлым Жуасбекова 30 жылдық түлектердің ауыл

мешітінің асханасына қомақты қаржы тарту еткенін айтса, аудан орталығындағы Жамбыл мектеп-гимназиясының директоры Жаңыл Әшірбетова 20 жылдық түлектерінің сол гимназияға интерактивті панельді сыйға тартамыз дегенін қуанышпен жеткізді. Ұстаздарын ұлықтаған, мектебін ұмытпаған түлектердің қатары аз болмағаны қандай жақсы!

Ақиқат АЛДАБЕРГЕН,
«Мойынқұм таңы».



ДАНАНЫҢ АШЫҚ САБАҒЫ, БАЛАЛАР ҮШІН БАҒАЛЫ



Шәкірттерге барлық бағытта дәріс берген бағалы. Оның ішінде өмірлеріне сабақ болатын қауіпсіздік мәселелерін естеріне салып отырудың артықшылығы жоқ. М.Әуезов атындағы орта мектепте

3-4 сыныптар, 10-11 сыныптар және ұстаздар мен кіші қызметкер арасында бастауыш сынып мұғалімі Дана Раметова «SAQ» жобасы аясында оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және төтенше

жағдайлардың алдын алу мақсатында шеберлік сабағын өтті. Сабақ барысында төтенше жағдайлар кезіндегі алғашқы көмек көрсету, қауіпсіздік ережелері және сақтық шаралары туралы маңызды ақпарат айтып, сұрақ-жауап әдіс тәсілдер арқылы оқушыға толық мағлұмат берілді.

«SAQ» жобасы - оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтауға бағытталған маңызды тәрбиелік әр танымдық жоба. Дана Досболқызының әсерлі сабағы жоғары сынып оқушыларына да пайдалы болғаны анық. Ал, бастауыш сынып оқушылары ұстаздың әр сөзін жаттап алғандай ерекше әсерде болды. Оқу жылы аяқталар сәттегі бұл іс-шара оқушылардың алдағы жаз айларында жолда жүру ережесін және қауіпсіздік ережесін сақтап жүрулеріне оң ықпал етеді деген ойдамыз.

Арай ӘЛІМБЕТОВА,
«Мойынқұм таңы».

25 МАМЫР – СОҒҒЫ ҚОҢЫРАУ СЫҒЫРЫ

СЫНЫПТАСТАРҒА

(1966 ЖЫЛЫ С.М.КИРОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕПТІ БІТІРГЕН ТҮЛЕКТЕРГЕ)

Мен едім баяғы, бір балаң жігіт,
Керілік пе, келемін әрең жүріп.
Тізгін тартып, ауылға жеттім жаңа,
Гүлін жайып қарсы алды далам күліп.

Кеше еді ғой, құдай-ау, кеше ғана,
Мәз болушы ек үлкендер десе бала.
Өзгертіпті уақыт ауыл кейініп,
Өзгерменті біз жүрген көше ғана.

Ауласына ізгілік тұнған лебі,
Жетеледі мектебім шыңға мені.
Содан бері алпыс жыл өтіпті ғой,
Неткен жүйрік, уақыт жылдам еді!

Жаңарады бұл өмір жалғасады,
Бүгінгі күн ертеңмен алмасады.
Ағарғаны сақалдың ештеңе емес,
Бағыдай жүрегім жап-жаз әлі.

Үміт тыным бере ме жаңға, сірә,
Өздеріңді күтемін таңда асыға.
Бір үмітім үзілген қалды асуда,
Бір үмітім - сағыныш жалғасуда.

Қайда, қыздар, баяғы жібек мүсін?
Сағыныштан сарғайды жүдеп түсім.
Нәзік еді шетінен, сұлу еді,
Шым еткізер жігіттің жүрек тұсын.

Шуағына бір үйді бөлгесін,
Жүр ме үйретіп ұрпаққа өнегесін.
Әлде жүр ме аялап, аялуы жан,
Еркелетіп құлынақ немересін.

Сұлу еді түрі де, жаны да әсем,
Ару десем, Баяндай, жаңылмас ем.
Бал дәуренді біз бірге өткізбесек,
Өздеріңді дәл бұлай сағынбас ем!

Тампылбай МОЛДАҚҰЛ,
ақын, газетіміздің ардагері.

АЛҒЫС

ҮНСІЗ ЕРЛІК

(ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ БАТЫРЫ ӘЛИЕВ МӘДИ МАҚСҰТҰЛЫНА АРНАЛАДЫ)

Күйкілігін тірліктің тұтқындаған,
Тіршіліктің тірегі – сенсің адам.
Арпалысыз өмірді сүрдім деме,
Түрлі ғұмыр сыйлаған саған Аллам.

Қай сынағы күтсе де сені алдан,
Жол табасың, құлшынып іштен бағам.
Сол ішкі күш дем беріп от кеудеңе,
Ер намысын қайрайтын жігер табам.

Намыс отын өртесе үнсіз жүрек,
Қайсарлық пен сабырлық қатар керек.
Өз адамдық болмысың паш етеді,
Құрыштайын шындалған отты көзеп.

Бар болмысты тежейтін ой мен сынақ,

Жүрек әркез тұрады оны қайрап.
Сондықтан да «Азамат!» деген аттын,
Үнсіздікпен үндескен сәті ғажап.

Жанып жатқан көлікте жан шырқырап,
Мәдідейін азамат тұрмай қарап.
Ебін тауып, отқа оранған бес адамды,
Алып қалды ажалдан арашалап.

Қысылтаяң сәт түскен кезде мына,
Адамдықтың желкені тартып алға.
Өзін өзі ұмытып алға ұмтылдың,
От жалыннан биіктеп ішкі сана.

Жан арпалыс, үнсіздік, азаматтық,
Қасиеттер бойдағы адал, ақтық.

Көзсіз ерлік салдарды ойлап тұрмай,
Қойып кетті жалынға жанған шарпып.

Суырып ол сәбиді, ананы да,
Алаң болып жалында қалғандарға,
Зорға ашып есікті сыртқа лақтырды,
Бірге ұшып өршіген отпен алға.

Қиып кетті осынау фаниді ақыр,
Жүрегіңде «Ерлік» деген қағида тұр.
Бар қазақтың айналып мақтанына,
Ел есінде қалады Мәди батыр!

Айдын ҚОЙШЫҒҰЛОВА,
еңбек ардагері,
Құшаман ауылы.

ӨМІР -ӨЗЕН СЫРҒЫП, ЖЫЛЖЫП ӨТЕДІ...

Кәрі кетіп, жастар өсіп жетеді,
Өтіп кетті 24 жыл зымырап.
Сағынышты жылдар сырғып жылжыпты,
Абзал атам бұл өмірден өткелі.

Қиындығын заманының өткерген,
Интернаттың қара нанын жеп көрген.
Соғыс өрті шарпығанда өмірін,
Ізгілік пен мейірбандық жан дүниесін көмкерген.

Ізі қалды еңбегіңнің жемісті,
Жас ұрпақты тәрбиелеп, келепел.
Шәкірттері бас иеді әлі де,
Ұстазының ұлылығын дәлелдеп.

«Жаман» істі ешкім «жақсы» демейді,
Тікен еккен жүзім теріп жемейді.
Атам бастап еккен жеміс-жидекті,
Оқушылар әлі теріп жүр дейді.

Жаңалыққа жаны құмар аташым,
Еңбекқорлық, қонақжайлылық өзіңнен.
Арта қалған ұрпағыңа дарыған,
Елжіреген жүрегіңнен көрер едің көзіңнен.

Мойынқұмда мол байлық көп,
Балығы суда тулаған, қырғауыл, үйрек шулаған.
Аңшы, мерген тұзақ құрған ұрпағың,

Саятшылық сізден қалған мұра боп.

Апамменен жақсы ғұмыр кештіңіз,
Ақылменен талай түйін шештіңіз.
Келіндерді өз балаңды мөпелеп,
Немереге мейірім, шауақ төктіңіз.

Ел алдында биік еді беделі,
Ісі жатыр Мойынқұмда келелі.
Гүлдендіру Мойынқұмның ауданың,
Атамдардан бастау алып келеді.

Оспанова Шахарқұл Қанапикақызы,
ардагер ұстаз,
Мойынқұм ауылы.

ТОЙ БАҒДАРЛАМАСЫ: КІМДЕР КЕЛЕДІ?

ДОСЫМЖАН ТАҢАТАРОВ ӘН САЛЫП, АСХАТ ҚЫЛЫШБЕК АРНАУ АЙТАДЫ

Мойынқұм жерінде тағылымы мол той өтетінін қалың жұртшылық хабардар. Енді сол Мойынқұм ауданының 60 жылдығы және Жазылбек Қуанышбаевтың 130 жылдығына арналған дүбірлі іс-шараның мәдени және спорттық бағдарламаларына кеңінен тоқталып өтпекшіміз.

Мәдени іс-шараға келетін болсақ, 2026 жылдың 30 мамыр күні Этно ауылда өнер жұлдыздарының қатысуымен концерт өтеді. Атап айтқанда, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Досымжан Таңатаров, «Жігер» тобы, Ерлан Орынбасар мен Баян Нұрмышева, әнші Ахан Отыншиев сахнаға сән береді деген сенімдеміз. Бұдан бөлек белгілі айтқы ақындары Асхат Қылышбек пен Ғабит Есдаулетов арнау жырдан шашу шашады. Сол күні кәсіпкер, аудандық мәслихаттың депутаты Пернебай Рысымбетовтің ұйымдастырумен аудандық пошта мекемесінің алдынан той өтетін Этно ауылға сағат сайын тегін автобустар жүріп тұратын болады. Ол да барша көпшіліктің жұлдыздардың қатысуымен өтетін концерттен кешікпеуіне ықпал ететіні анық.

БАЛУАНДАР БЕЛДЕСІП, АЛАМАН БӘЙГЕ ӨТЕДІ

Аталған мерейтой аясында ұлттық спорт түрлерін дәріптеу мақсатында ауқымды спорттық іс-шаралар ұйымдастырылады. Іс-шара бағдарламасы қазақ күресі, қой көтеру, құнан бәйге және аламан бәйге секілді ұлттық спорт түрлерін қамтиды.

2026 жылдың 30 мамыр күні сағат 10:00-де қазақ күресі мен қой көтеру бойынша мандаттық комиссия отырысы өткізіліп, палуандарды тіркеу және жеребе тарту рәсімі жүргізіледі. Сағат 10:30-да қой көтеру сайысы басталады. Сайыс барысында әр спортшыға шектеулі 5 минут уақыт беріледі. Жарысқа ережеге сай жасы 18-ден асқан, дәрігердің рұқсаты бар спортшылар қатыстырылады. Сонымен қатар жарысқа қатысар алдында әр үміткердің қан қысымы тексерілетін болады.

Сағат 11:30-да қазақ күресі басталады. Жарысқа жасы 18-ден, салмағы +80 кг-нан асатын спортшылар қатыстырылатын болады. Жарысқа төрешілік жасау үшін қазақ күресінен Жамбыл облысының бас төрешілері шақырылды. Көрермендер мен арнайы қонақтарға арналған шатырлар орнатылып, төрешілер алқасы қажетті монитор, ноутбук және өзге де техникалық құралдармен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар палуандардың шығуына арналған екі киіз үй тігілетін болады. Жарыстың марапаттау рәсімі сағат 12:45-де өтеді деп жоспарлануда.

Бәйге бағдарламасы бойынша сағат 15:00-де басталады. Алдымен құнан бәйге өткізіледі. Құнан бәйге 12 шақырым қашықтықты қамтып, 4 айналым бойынша ұйымдастырылады. Одан кейін аламан бәйге басталып, шабандоздар 27 шақырымдық, 9 айналымдық қашықтықта бақ сынайды. Бәйге жарысына облыстық ат спорты бәйге, классикалық және олимпиадалық түрлерінің федерациясы бекіткен төрешілері төрешілік жасайды.

Іс-шара барысында қауіпсіздік шаралары қамтамасыз ету мақсатында көрермендердің бәйге алаңына шығып кетпес үшін, арнайы белгілік ленталары тартылып, бәйге өтетін шеңберді анық көру үшін жалаушалар орнатылатын болады. Бәйге қатысатын шабандоздар арнайы нөмірі бар жейделермен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар бәйге алаңында жедел жәрдем көлігі, ішкі істер қызметінің көліктері және жауапты мамандар кезекшілік етеді.

Жүлде қорына келетін болсақ, қазақ күресінің жеңімпазына 2 миллион теңге, екінші жүлдеге 1 миллион 300 мың, үшінші жүлдеге 700 мың теңге қаржылай беріледі. Аламан бәйгенің де бас жүлдесі – 2 миллион теңге, екінші жүлдеге 1 миллион 500 мың, үшінші жүлдеге 1 миллион теңге тігіліп отыр. Құнан бәйгенің бас жүлдесі 1500 000 теңгені құраса, екінші жүлдеге 1 миллион, үшінші жүлдеге 700 мың теңге қаражат беру көзделіп отыр. Жалпы аламан бәйге бойынша 7, құнан бәйге бойынша 5 атқа жүлде белгіленген. Қой көтеру бойынша бес кісі жүлдеге ие болады. Бас жүлде алған азамат қойды және 100 мың теңге сыйлықты иеленеді. Екінші жүлдеге 80 мың, үшінші жүлдеге 60 мың, төртінші жүлдеге 40 мың, бесінші жүлдеге 20 мың теңге беру көзделген.

Ендеше қызыққа толы мәдени-спорттық іс-шараларды тамашалауға асығыңыздар!

«МТ» ақпарат.

ХАБАРЛАНДЫРУ «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫ

«Мерейлі отбасы-2026» Ұлттық конкурсының аудандық (қалалық) кезеңіне 15 мамыр – 15 маусым аралығында өтініштер қабылдау жүргізіледі.

Конкурстың ұйымдастырушылары аудан, қала әкімдіктері.

Конкурсқа қатысуға өтінім аудандық (қалалық) комиссияға жыл сайын конкурстың басталғаны туралы көпшілікке жарияланған күннен бастап бір ай ішінде, қағаз немесе электрондық нұсқада мынадай құжаттармен қоса беріледі:

- 1) ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;
 - 2) асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін – жергілікті уәкілетті органның кемелетке толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінен үзінді көшірме;
 - 3) неке қию туралы куәліктің көшірмесі;
 - 4) ата-аналарының біреуі қайтыс болған жағдайда, қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);
 - 5) балаларды тәрбиелегені үшін мадақтаулардың, белгілі бір жетістіктері үшін алған мадақтаулардың бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;
 - 6) заңды және (немесе) жеке тұлғалардың ұсыным хаттары (кемінде екеу);
 - 7) отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;
 - 8) қоғамдық пайдалы қызметке (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) (бар болса) қатысуды растайтын құжаттардың көшірмелері.
- Толық ақпаратты аудан (қала) әкімдігінің ішкі саясат бөлімдерінен немесе аудан (қала) әкімдігінің ресми сайттарынан алуға болады.
- Анықтама телефондары: 8 (7262) 45-99-90.



НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОНКУРС «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»

С 15 мая по 15 июня принимаются заявки районного (городского) тура Национального конкурса «Мерейлі отбасы-2026»

Организаторами конкурса являются акиматы районов и г.Тараз.

Заявка для участия в конкурсе подается вместе со следующими документами:

- 1) копии документов, удостоверяющих личность родителей (опекунов, попечителей), копии свидетельств о рождении детей;
- 2) копии выписки из решения местного уполномоченного органа об установлении над несовершеннолетним ребенком опеки (попечительства) – для приемных (опекунских) семей;
- 3) копии свидетельства о заключении брака;
- 4) копии свидетельства о смерти, в случае смерти одного из родителей (при наличии);
- 5) копии документов, свидетельствующих о наличии поощрений за воспитание детей, поощрений за определенные успехи;
- 6) рекомендательных писем от юридических и (или) физических лиц (не менее двух);
- 7) копии документов, подтверждающих трудовые, спортивные, творческие, интеллектуальные, научные достижения членов семьи;
- 8) копии документов, подтверждающих участие в общественно-полезной деятельности (волонтерство, благотворительность, меценатство, наставничество) (при наличии).

Полную информацию можно получить в районных (городском) отделах внутренней политики или на официальных сайтах акиматов.

Телефон для справок: 8(7262) 45-99-90.

ЕСКЕ АЛУ



АНА – МӘңГІЛІК САҒЫНЫШ

Ана... Жалғыз ауыз сөздің ішінде тұтас бір ғұмыр, шексіз махаббат, сарқылмас мейірім жатыр. Өміріміздің шуағы мен шын пана болған аяулы анамыз **ӘЛІМБЕТОВА Айгүл Кеңесбайқызының** өмірден өткеніне 23 мамырда 5 жыл толып отыр.

Ортамыз ойсырап, жүрегімізде орны толмас сағыныш қалды. Анамыздың бейнесі-жүрегімізде, өмір жолы-жадымызда, ақыл кеңесі-өмірлік темірқабығмызға айналды.

Әр күн сайын анамызды сағынышпен еске алу-үрдісіміз. Жаны жайсаң, көздері мейірімге толы, жұмсақ үні, қамқор қолы көз алдымызда. Біз үшін ол-тек қана ана емес, ол-тірегіміз, қорғаушымыз, ақылшымыз, өмірімізде шын мәніндегі шамшырағымыз еді. Артында қалған ізгі ісі мен жақсы аты-бізге үлгі. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта, иманыңыз саламат болсын, асыл АНАШЫМ!

Бізді тастап кеттің ана келмеске, Әрбір сөзін тұрады енді мәңгі есте. Біз өзіңді ұмытпаймыз ешқашан, Көз жанары сені іздейді әр кеште.

Сағынышпен еске алушылар: ұлы мен келіні Нұрдаурен-Қарлығаш, қызы мен күйеубаласы Әйгерім-Жамбыл, немересі Медина.



ЖАРҚЫН БЕЙНЕҢІЗ ЖАДЫМЫЗДА САҚТАЛҒАН

Мойынқұм ауылының тұрғыны, қимас әріптесімді, ардақты жан **ӘЛІМБЕТОВА Айгүл Кеңесбайқызының** дүниеден өткеніне 23 мамыр күні 5 жыл толады.

Айгүл Кеңесбайқызы – өз ісіне адал, адамгершілігі мол, жүрегі мейірімге толы жан еді. Жарқын бейнесі, ақ көңілі мен әріптестеріне деген сыйластығы біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Ортамызда жүрген әр күнімен көпшілікке енеге болып, ұжымның құрметіне беленген аяулы әріптесімді сағынышпен еске аламыз.

Жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын. Иманы жолдас болып, жаны жәннатта шалқысын.

Өмірден өтсеңіз де, өшпей үнің, Жүректе сақталады асыл сырың. Сағынышпен еске алып жүреміз біз, Жаның жәннат төрінде болсын бүгін.

Сағынышпен еске алушылар: Мойынқұм ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ұжымы.

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Жамбыл облысы бойынша Кәсіподам институтының директоры, биология ғылымдарының кандидаты, доцент, қауымдастырылған профессоры **Қожахмарова Ләтипа Сейдахметқызы** ар аптаның бейсенбісінде, сағат 16.00-18.00-ге дейін, директордың орынбасары **Ускенбаева Жұлдыз Амангелдіқызы** ар аптаның сейсенбісін күні, сағат 15.00-17.00-ге дейін Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Төле би көшесі №69А мекенжайында жеке мәселелері бойынша азаматтарды қабылдайды.

ТАЛАПТЫҒА НҰР ЖАУАР

БҰЛАҚТЫҢ КӨЗІ АШЫЛСА, ТАЛАНТТЫҢ ӨЗІ АШЫЛАДЫ

Қазақта «Балапанды күзде сана» деген сөз бар. Жақсы істің түбінде оң жемісі болатынын айтқаны. Аудандық білім бөліміне қарасты өнер және қосымша білім беру мектебінің үздік атқарған үлгілі істерін естігенде осынау қағида еріксіз еске түсті. Аталған мектептің бір жылдық қорытынды есеп беру концертінде жиналған аудандық мәслихаттың төрағасы Нұртас Саурықов бастаған қонақтар суретші ұстаз Шолпан Рысалдиеваның және қыл қаламға қызығушылықтары жоғары Айзере Текебай, Мақпал Меделхан, Жанайым Дайрабай, Айнура Мұса салған ғажайып сурет-картиналарды сүйсініп тамашалады.



Мұнан соң іс-шара мәжіліс залында облыстық байқаудың екінші орын иегерлері «Ақ ниет» театр үйірмесінің Мұқағали Мақатаевтың өмірінен алынған «Болашаққа арыз жазып кетейін» қойылымымен басталды. Әсіресе, Мұқағали рөліндегі, Нұрбек Дүйсенбай, Лашын рөліндегі Іңкер Бейсенбайдың шеберлігі байқалып тұрды.

Ерхан Бекмаханбеттің орындауындағы «Әжем айтқан ертегі», Еркежан Төреханның орындауындағы «Школа, школа, двери распахни» әндері жүректерді тербетті. Халықаралық «Жұлдыз Арт» хореографиялық байқаудың бас жүлдегері «Аяла» би тобының орындауында «Көктем», аталған халықаралық байқаудың бас жүлдегері «Балауса» би тобының орындауында «Күй-шашу», «Алау» би тобының орындауында «Өзбек», халықаралық «Золотой кубок Шах-реззаның» байқауының I орын иегері «Шаттық» би тобының орындауындағы «Үнді» биі көпшіліктің көңілінен шықты. Гауһар Көшкінбек мәнерлеп жатқа оқыған «Уақыттың қадірі», Нұрмұхасан Кәрібай жатқа оқыған «Жігерлендіру» өлеңдерін жиналғандар сүйсініп тыңдады. Осы орайда театр үйірмесін басқарып тыным таппайтын Айша Мумиева мен бірнеше би тобына жетекші Назира Омарованың, сурет үйірмесімен жетістікке жеткен Нұрзат Бекеннің еңбектері ерен. Сонымен қатар, үйірме жетекшілері Нұрбол Жиренше, Аяжан Киікбаева, Ғалымжан Иетаев, Мәлдір Төрехан, Құралай Мерекенова, Баян Сәрсенбайдың есімдерін атай кеткен жөн. Жалпы, Әсемхан Шегебаев басқаратын мектепте 62 ұстаз 1405 шакірті үйірме жұмыстарына баулумен айналысады.

Іс-шараны аудандық білім бөлімінің басшысы Мәлік Мұқашев қорытындылап, аталған мектеп ұжымының жұмысын жоғары бағалап, жасаған еңбектері үшін алғысын білдірді.

Есет ДОСАЛЫ, «Мойынқұм таңы».

ӨРТ-ТІЛСІЗ ЖАУ ОРМАНДЫ САҚТАЙЫҚ!

Жер бетінен жыл сайы миллиондаған гектар ормандар жойылуда. Оның бір себебі - орман өрттері. Жағып өшірілмей қалған от, өшпеген темекінің тұқылы, балаларды отпен ойнау орман өртіне әкеліп, жылда өсіп тұрған орманды және ормандағы жануарларды бір мезетте жоқ қылады. Мойынқұм ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі өрт қауіпі бар маусымында орманды өрттен қорғау шараларын жүйелі және тұрақты түрде жүргізуде. Орман қорының шекарасы бойынша 756 шақырым өртке қарсы жолақтар жүргізілді. Одан бөлек, орман пайдаланушылар мен жергілікті тұрғындар арасында өрт қауіпсіздігін насихаттау мақсатында түрлі ақпараттық-насихаттау парақшалары таратылуда. Сонымен қатар, орман күзеті қызметі мен орман өрт сөндіру жасақтары орман қоры бойынша патрульдеу жұмыстарын үздіксіз жүргізуде.

Егер сіз өрт шығып жатқанын байқасаңыз - мысалы, біреу лақтырған өрттің жанында кішкентай шөп жанып немесе жанып жатқан орман төсенішін байқасаңыз, оны өзіңіз өшіріп көріңіз. Кейде жалынды жай ғана өшіру жеткілікті, бірақ күту керек және шөп немесе қоқыс шынымен жанып кетпейтініне көз жеткізу керек, әйтпесе өрт қайтадан пайда болуы мүмкін. Алайда, адам өміріне қауіп тудыратын жағдайдағы өртке жақындауға қатаң тыйым салынады. Өрт немесе түтін байқалған жағдайда Мойынқұм орман шаруашылығы мекемесінің 2-47-09 және өрт сөндіру қызметінің 101 телефонына хабарлау қажет. Өрт қауіпсіздігі шараларын әркез сақтауға тырысайық, ағайындар!

Жәнәбік КӨШЕКОВ, Мойынқұм ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесінің орман пайдалану инженері.

ӨЛКЕТАНУ ӨРНЕГІ

МУЗЕЙ ПЕДАГОГИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА ЖОЛ АШАДЫ

Аудандық білім бөлімінің «Балалар шығармашылық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен Жазылбек Қуанышбаев атындағы орталық музейде «Музей педагогикасы» аймақтық байқауы өткізілді.

Тұған өлкені, мәдени - тарихи ескерткіштерді, жергілікті тұрғындардың әдеп - ғұрыптарын, жерлердің қызметін зерттеу арқылы қатысушылардың әлеуетін арттыруды мақсат еткен аймақтық байқауға облыстық мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу орталығының бөлім меңгерушісі Ольга Сағындықова және Қазақстан суретшілер одағының мүшесі Қали Қорласбаев арнайы келіп аділақазылық жасады.

Байқау негізгі сегіз бөлім бойынша ұйымдастырылып, нәтижесінде «Үздік гидтер» аталымы бойынша Әмина Совет және Нұрлыайым Темірхан үш тілде ауданның тарихынан киелі жерлерінен, қазба байлықтары туралы сыр шертіп бас жүлдені жеңіп алды. Жетекшісі мен Мақсат Сейжанов I орынмен марапатталды. Ұмыт болған қазақ ауылының дәстүрлері «Қымыз мұрындық» рәсімін қайта жаңғырту бойынша мұғалім Айжан Өмірбаева оқушысы Инабат Аманмен бірге I орынға лайық деп танылды. «Экспонатпен жұмыс» аталымы бойынша бас жүлдені «Туристік өлкетану» үйірмесінің қосымша білім беру педагогы Аида Мехлисина иеленді. «Бәрі музейге» акциясы бойынша I орынмен қосымша білім



Айғаным апаіына оқушылар Еркебулан Ержан, Аңсар Алтынбек, Алинұр Архабай, Ибадулла Муслим өнерлерімен қолдау берді. «Ұлттық қазақ ойындары» аталымы бойынша үйірме жетекшілері Айжан Найманқызы мен Мақсат Сейжанов I орынмен марапатталды. Ұмыт болған қазақ ауылының дәстүрлері «Қымыз мұрындық» рәсімін қайта жаңғырту бойынша мұғалім Айжан Өмірбаева оқушысы Инабат Аманмен бірге I орынға лайық деп танылды. «Экспонатпен жұмыс» аталымы бойынша бас жүлдені «Туристік өлкетану» үйірмесінің қосымша білім беру педагогы Аида Мехлисина иеленді. «Бәрі музейге» акциясы бойынша I орынмен қосымша білім

бөлу педагогы Лаззат Ташкентбаева және Жақып Иманқұлова марапатталды. «Көне ойыншықтарды жаңғырту» аталымы бойынша «Бастауыш шебері» үйірмесінің тәрбиеленушісі Зара Нағаші бас жүлдені иеленді. Жетекшісі қосымша білім беру педагогы Алмағұл Досмағанбетова. Осы байқаудың өтілуіне барынша қолдау көрсеткен музей қызметкерлеріне алғысымыз шексіз.

Гүлжан ЕРЕЖЕПБАЕВА, аудандық «Балалар шығармашылық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бұқаралық бөлімінің меңгерушісі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«InterFerrum» ЖШС «Жамбыл облысында пайдалы қатты қазбаларды зерттеу жобасы» - на әзірленген әсер етуге Экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар пакеті: Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОКБ); Жол берілетін қалдықтар нормативтері жобасы (ЖБҚН); Қалдықтарды басқару бағдарламасы Жобасы (КББЖ); Экологиялық бақылау бағдарламасы Жобасы (ЭББЖ); Табиғат қорғау іс-шаралар жоспары (ТҚІШЖ) тақырыбына ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдау өткізетіндігін хабарлайды. Әсер ету аумағы - Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Мынарал а. о., Мынарал ауылы (с.ш. 45°25'22" в.д. 73°40'56"). Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 25 маусымда сағат 15:00-де Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Мынарал а. о., Мынаралауылы, Садықов көшесі №23, «Мәдениет үйі» - де өтеді. Онлайн қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=925506153461> Qosyl конференция идентификациясы: 925-506-153-461

Бастамашысы: «InterFerrum» ЖШС, 160000, ҚР, Шымкент қаласы, Енбекшинский ауданы, Қапал Батыра 5 Км көшесі, № 244 ғимарат, 180140010075, Юлдашев Хондамир Бахтиярович, 87023923707, interferrum_office@mail.ru Жобаны әзірлеуші деректемелері: «Projects World ECO Group» ЖШС, БСН 160340009675, ҚР, Ақтөбе қаласы, Қарғалы тұрғын алабы, 18В үй, 99 пәтер, тел.: 87023923707, e-mail: ecogroup.aktobe@gmail.com. Қоғамдық тыңдау материалдарымен ndbecology.gov.kz сайтында, жергілікті атқарушы органның <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=kk> сайтында танысуға болады. Жоба бойынша қосымша ақпаратты +7 702 392 3707, ecogroup.aktobe@gmail.com бойынша сұрауға болады. Ескертулер мен ұсыныстарды: «Жамбыл облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» s.agabek@zhambyl.gov.kz Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Абай көшесі. 133А

ХИМИЯЛЫҚ УЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ!

Күнделікті тұрмыста қолданылатын химиялық заттарды дұрыс таңдау немесе қауіпсіздік талаптарын сақтауға денсаулыққа қауіп төндіру мүмкін. Осыған байланысты санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті тұрмыстық химия өнімдерін сатып алуға назарға алынуы тиіс негізгі ережелерді еске салады.

Тұрмыстық химия сатып аларда ең алдымен өнімнің таңбалануына назар аудару қажет. Этикеткада өнімнің атауы, өтінім беруші туралы мәліметтер, оның жедел байланыс телефондары, өнімнің мақсаты, ықтимал қауіптілік сипаттамасы, сақтық шаралары, партияның сәйкестендіру деректері, нетто массасы, жарамдылық мерзімі және сақтау шарттары көрсетілуі тиіс.

Таңбалау мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылып, мәтін анық, жақсы оқылатын және химиялық әсерге төзімді болуы қажет. Ал кір жууға немесе жуу жұмыстарына арналған өнімдерде ұсынылған қолдану мөлшері міндетті түрде көрсетіледі.

Сонымен қатар, «Балалардан алыстағыңыз», «Қолды қорғау құралдарын пайдаланыңыз», «Тікелей күн сәулесінен қорғаңыз», «Хлор құрамы бар» секілді ескерту жазбаларына мән беру керек. Мұндай белгілемелер тұтынушының денсаулығын қорғауға бағытталған.

Өнім қаптамасының бүтіндігі де аса маңызды. Құты немесе банка толық жабық, мүлтіксіз және ешқандай зақымсыз болуы тиіс. Қаптаманың ісінуі, жарылуы немесе ағуы өнім сапасының бұзылғанын білдіреді, мұндай тауарды сатып алмау қажет.

Әрбір тұрмыстық химия өнімі қауіпсіздігін растайтын құжатқа - мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке ие болуы тиіс. Сатушы тұтынушы сұраған жағдайда оны ұсынуға міндетті.

Өнімді қауіпсіз пайдалану үшін сақтау және қолдану ережелерін қатаң сақтау қажет: тұрмыстық химияны балалар қолы жетпейтін жерде сақтаңыз, әртүрлі заттарды араластырмаңыз, тағамға арналған ыдысқа құймаңыз. Қажет болған жағдайда қолғап сияқты жеке қорғаныс құралдарын пайдаланыңыз.

Мұрат МҰХАМЕТРАХИМОВ, Жамбыл облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ОО «InterFerrum» объявляет о проведении общественных слушаний посредством открытых собраний на тему: Пакет документов для получения Экологического разрешения на воздействие: Раздел Охраны Окружающей среды (РООС); Проект Нормативов допустимых выбросов (НДВ); Проект Программы управления отходами (ПУО); Проект Программы экологического контроля (ПЭК); План природоохранных мероприятий (ППМ) к Плану разведки твердых полезных ископаемых на участке Жамбылской области РК. Территория воздействия - село Мынарал, Мынаралский с.о., Мойынқумский район, Жамбылской области (с.ш. 45°25'22" в.д. 73°40'56"). Общественные слушания состоятся 25 июня 2026 года в 15:00 по адресу: Жамбылская область, Мойынқумский район, Мынаралский с.о., с.Мынарал, улица Р.Садықова 23, «Дом культуры». Для участия онлайн необходимо пройти по ссылке: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=925506153461> Идентификатор конференции в Qosyl: 925-506-153-461

Инициатор: ОО «InterFerrum», 160000, РК, г. Шымкент, Енбекшинский район, улица Қапал Батыра 5 Км, Здание № 244, 180140010075, Юлдашев Хондамир Бахтиярович, 87023923707, interferrum_office@mail.ru Реквизиты разработчика проектных документов: ОО «ProjectsWorld ECO Group», БИН 160340009675, РК, г.Ақтөбе, жилой массив Каргалы, дом 18В, кв. 99, тел.: 87023923707, e-mail: ecogroup.aktobe@gmail.com. С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте ndbecology.gov.kz, на сайте местного исполнительного органа <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=kk> Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел: +7 702 392 3707, ecogroup.aktobe@gmail.com. Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Жамбылской области» s.agabek@zhambyl.gov.kz по адресу Жамбылская область, г.Тараз, ул.Абая 133А

МОЙЫНҚҰМ ТАҢЫ
Бас редактор - Есет ДОСАЛЫ

МЕНІШК НЕСІ:
"Мойынқұм аудандық "Мойынқұм таңы" газетінің редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Мойынқұм ауылы, Амангелді көшесі №68 "1"

ТЕЛЕФОНДАР:
Бас редактор 2-49-30 /факс/ Бас редактордың орынбасары 2-14-06 Тілімі 2-49-11

Газет аптасына 2 рет сейсенбі, жұма күндері шығады. Редакция автордың қозғарасы мен жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды. Газет «Қанатты қалам әлемі» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Тараз қаласы, Төле би 36 Б. Есеп шот: KZ65601A161000012151, АҚ "Halyk Bank"

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №12952-Г куәлік берілген (02.08.2012ж. Астана қаласы)